



gazeta_eltilegi@mail.ru



№52 (960) Сейсенбі 30 желтоқсан 2025 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>



Жаңа жылда
жақсылықтар
мол болсын!

ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫНА АРНАЛҒАН ШАРА ӨТТІ



Өнер орталығында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен 2025 жылды қорытындылауға және Жаңа 2026 жылды қарсы алуға арналған мерекелік іс-шара өтті. Оған Парламент Сенатының депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері, облыстық, қалалық және аудандық мәслихат төрағалары, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Аймақ басшысы ескі мен жаңа жылдың тоғысында өткенге ой жүгіртіп, жаңа жоспар құрып, келешектің бағытын айқындаудың маңызын айтып, жиналған жұртшылықты мерекемен құттықтады. Жыл ағымында өңірде жүзеге асқан жобаларға, қолға алынған бастамаларға, жарқын жетістіктерге тоқталды.

«2025 еліміз, өңіріміз үшін тарихи-саяси маңызды оқиғаларға толы, табысты жыл болды. Мемлекет басшысы Қасым-

Жомарт Кемелұлы облысымызға арнайы жұмыс сапарымен келгенде әлеуметтік нысандар мен өндіріс орындарында болып, өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы бағытында атқарылған істерімізге оң бағасын берді. Астана мен Алматы қалаларындағыдай тәулік бойы жұмыс жасайтын үшінші Президенттік кітапхананың Қызылордада салынатынын айтты. Бұл бастаманы барша Сыр жұртшылығы зор қуанышпен қабылдады.

Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен аймағымызда жаңа жобалар сәтті жүзеге асуда. Негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша республикада алғашқы орындамыз.

Бірін күннен соң жақсылықпен, жақсы үмітпен халқымыздың жеті қазынасының бірі саналатын Жылқы жылын қарсы аламыз. Жаңа жылда игі істеріміз жалғасын тауып, кең байтақ елімізге молшылығы мен тоқшылығын, қасиетті жерімізге бақ-

берекесін алып келсін! Жаңа 2026 аймағымызды толайым табыстардың төріне шығаратын жыл болғай!», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Тарих қойнауына қарай қадам басқан жыл Сыр өңірі үшін жеңіс пен жетістіктердің және ауқымды жоспарларды жүзеге асырған еңбек адамдарының жылы болды. «Жұмысшы мамандықтар жылында» түрлі салада тер төккен еңбеккерлер жоғары мемлекеттік наградалармен марапатталды. Атап айтқанда, «Парасат», «Құрмет», III дәрежелі «Еңбек даңқы» ордендері, «Ерен еңбегі үшін» медалі, Премьер-министрдің Алғыс хаты, Қызылорда облысының Құрмет грамотасы табысталды.

Елімізде 2012 жылдан бері «Үздік педагог» республикалық байқауы өткізіліп келеді. Осы уақыт ішінде Қызылорда облысынан 41 мұғалім жеңімпаз атанды. 2025 жылы облыстан 4 педагог республикалық, 6 ұстаз облыстық кезеңде үздік деп танылды. Қорытынды іс-шарада оқушылары олимпиадалар мен ғылыми жоба байқауларында жоғары нәтиже көрсеткен шығармашыл мұғалімдерге облыс әкімінің қолдауымен бір реттік сыйақы беріліп, «Үздік педагог» байқауының жеңімпаздары марапатталды.

Сонымен қатар, жыл бойы өз саласында жоғары нәтижеге қол жеткізген әр саланың үздіктеріне арнайы номинациялар табысталды.

Мерекелік іс-шарада Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Айгерім Алтынбек Ш.Гуноның «Ромео мен Джульетта» операсынан Джульеттаның вальсін, «Бакыт вальсін», И.Штраустың «Вена орманының ертегілері» шығармасын орындады.

ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚТАР ЖАҢА ПӘТЕР КІЛТІН АЛДЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қызылорданың сол жағалауында бой көтерген тоғыз қабатты 120 пәтерлік екі тұрғын үйдің кілтін кезекте тұрған отбасыларға табыстау рәсімі өтті. Аймақ басшысы жыл алмасар шақтағы жаңалықтарға, құрылыс, оның ішінде тұрғын үй құрылысы саласындағы жетістіктерге тоқталып, жаңа пәтер иелерін қоныстоймен құттықтады.

«Баршаңызды алдағы Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! 2025 еліміз үшін де, өңіріміз үшін де бірлік пен берекенің, тұрақтылық пен татулықтың, жасампаздық пен жарқын істердің жемісті жылы болды. Президентіміздің, Үкіметтің қолдауымен өңірімізде серпінді жобалар жүзеге асып, әлеуметтік-экономикалық даму бағытында оң тенденция қалыптасты. Аймақ негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша республикада алғашқы орындардан көрінді. Жалпы өңірлік өнім көлемі жыл қорытындысымен 3 трлн. 700 млрд. теңгеге жетіп, 6,5 пайыздық өсім қамтамасыз етілді.

Облыс бюджеті 851 млрд. 300 млн. теңге болып, 2021 жылдан бері 246 пайыз өсті. Оның 56 пайызы әлеуметтік салаға бағытталды. Даму бюджетінің көлемі биыл 207 млрд. теңгеге жетіп, 2021 жылмен салыстырғанда 4,4 есе артты. Өңірімізде қолайлы инвестициялық климат қалыптасып, жаңа ірі инвестициялық жобалар жүзеге асуда. Тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін баспанамен қамтуда, инфрақұрылымды қайта жаңғыртуда тиісті шаралар қабылданды.

Мемлекет басшымыздың, Үкіметтің қолдауымен Қызылорда қарқынды құрылыс алаңына айналды. 2022 жылдан бері 200-ге жуық әлеуметтік нысан салынып, ел игілігіне берілді. Бүгін – мемлекет қолдауымен баспаналы болған баршаңызға ерекше күн! Қоныстарыңыз құтты болсын!», – деді Н. Нәлібаев.

Еске салайық, 2022-2024 жылдары тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға 5 мыңнан астам пәтер табысталды. Кейінгі үш жылда алғаш рет барлық ауданда 1800-ге жуық жаңа пәтер жерлестеріміздің игілігіне айналды. Биыл 3600 пәтерлік тұрғын үй салуға бюджеттен 58 млрд. 785 млн. теңге бөлінді.



КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет жанындағы құқықбұзушылықтың алдын алу жөніндегі ведомстваралық комиссия отырысы өтті.

Күн тәртібінде мереке кезіндегі қауіпсіздік шаралары, кәмелетке толмағандар, бұрын сотталғандар арасындағы құқықбұзушылық профилактикасы, аумақтық ведомстваралық комиссия қызметінің қорытындылары, комиссияның 2026 жылға арналған жұмыс жоспары талқыланды.

Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты. Облыста «Зан мен тәртіп» қағидаты аясында құқық қорғау органдарымен бірлесіп, кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу үшін тиісті жұмыстар атқарылуда. Білім беру ұйымдарының барлығына ювеналды, учаскелік полиция инспекторлары мен жедел уәкілдер бекітілген. Құрамында прокуратура, полиция, білім беру, жастар ұйымдарының өкілдері бар мобильді топтар құрылып, түнгі рейдтер мен арнайы профилактикалық іс-шаралар тұрақты жүргізіледі.

Суицидке бейім балаларды ерте анықтау үшін 181 мыңнан астам бала жаппай диагностика мен сауалнамаға қатыстырылды. «Сенім телефоны», «111» ұлттық байланыс желісі арқылы тұрақты кері байланыс қамтамасыз

етілген. «Адал бала» цифрлық білім беру платформасы 300 мектепке енгізіліп, құқықтық мәдениет, қаржылық сауаттылық, киберқауіпсіздік, буллингтің алдын алу бағытында сабақтар өткізіліп келеді.

Бұрын сотталғандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, оларды әлеуметтік бейімдеу, жұмыспен қамтуда да кешенді жұмыстар қолға алынған. Қазір полицияның профилактикалық есебінде 542 адам бар. Қайта қылмыс жасаудың алдын алу үшін бақылау, әлеуметтік қолдау шаралары күшейтілді. Белгіленген 92 квота бойынша осы жылы босатылған, пробация қызметінде есепте тұрған азаматтар жұмыспен қамтылды.

Үкіметтік емес ұйымдар арқылы қайта әлеуметтендіруге 14,7 млн. теңге бөлініп, әлеуметтік жобалар іске асты. Жұмыссыз ретінде тіркелген 344 адамның 231-і тұрақты, 50-і уақытша жұмысқа орналастырылды.

«Бастау Бизнес» жобасымен 31 азаматқа 48,6 млн. теңге қайтарымсыз мемлекеттік грант берілді, 25 отбасы 13,6 млн. теңге атаулы әлеуметтік көмек алып, 162 азаматқа 2,9 млн. теңге қайырымдылық көмек көрсетілді.

ҒАЖАЙЫПҚА ТОЛЫ ЖАҢА ЖЫЛ



Қызылордада ҚР Президенті атынан «Ғажайыпқа толы Жаңа жыл» атты балаларға арналған дәстүрлі шырша мерекесі өтті. Ерекше безендірілген кеңістік, алтын реңкті шамдар, аспалы шырақтар, әртүрлі костюм киген ертегі кейіпкерлері балалардың жаңажылдық көңіл-күйін көтере түсті.

Ертеңгілікке Қызылорда қаласынан және аудандардан үздік, өнерлі, қабілетті, білім бәсекелерінде жетістікке жеткен 200-ге жуық оқушы қатысты. Бүлдіршіндер Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының құттықтауы мен естелік сыйлықтарын алып, театрландырылған қойылым тамашалады. Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев балаларды Жаңа жыл мерекесімен құттықтап, ақжарма тілегін арнады.

«Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлының өздеріңізге арнаған жаңажылдық құттықтауы, сыйлықтары мен ұмтытылмас әсерлі сәттер сіздерге қуаныш пен шаттық сыйлады деп сенемін. Сіздер —

тыныштық пен тұрақтылық орнаған Тәуелсіз Қазақстанымыздың жарқын болашағысыздар. Ата-ананың ең үлкен мақсаты — баласын жақсы, адал азамат етіп өсіру. Ал, мемлекетіміз бен қоғамның басты мақсаты — елге ие болатын білімді де отаншыл ұрпақ тәрбиелеу. Сіздердің лайықты өмір сүріп, жақсы білім алуларыңыз үшін жағдай жасау — біздің басты мақсатымыз.

Президентіміздің бастамасымен «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының қабылдануы, «Келешек мектептері» ұлттық жобасының жүзеге асырылуы, «Білімді қолдау», «Қазақстан халқына» қорларының құрылуы — сіздердің игіліктеріңіз үшін жасалған нақты істердің айқын көрінісі.

Өңірімізде жас ұрпаққа сапалы білім беру, спортқа, өнерге баулу үшін барлық жағдай жасалуда. Заманауи мектептер, физика-математика бағытындағы «Білім-инновация» лицей-интернаты, «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясы, Оқушылар сарайы, музыкалық колледж, жана

стадион мен Теннис орталығы тұрақты қызмет көрсетіп келеді.

Бірер күннен соң халқымыздың жеті қазынасының бірі саналатын Жылқы жылын жақсылықпен, жақсы үмітпен қарсы аламыз. Осындай жарқын сәтте сіздердің жүздеріңіздегі қуанышты көру еліміздің ертеңіне деген сенімімізді нығайтады.

2026 жылды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алып, ата-аналарыңызды жақсы жанаалықтармен қуантыңыздар. Жаңа жылда армандарыңыз орындалып, Тәуелсіз елімізбен бірге өсіп-өркендей беріңіздер!», — деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Мерекеді Желаяқ, Күншуақ, Тәттібек, Люми сияқты кейіпкерлер, Жаңа жылдың басты қонақтары — Аяз ата мен Ақшақар балаларға арналған қойылымдар ұсынды. Ғажайыпқа толы мерекені күткен, ертегілер еліне саяхат жасаған жеткіншектер ән айтып, би биледі.

ЖАҢА САЛЫҚ КОДЕКСІ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛЕДІ

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап жеке тұлғалардың банктік шоттары бойынша жүргізілетін операцияларға қатысты салық заңнамасына өзгерістер енгізіледі. Жаңа талаптарға сәйкес, кәсіпкерлік қызметтен кіріс алу белгілері бар операцияларды айқындау үшін қосымша өлшемшарттар белгіленеді. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Асқар Елеманов мәлімдеді.

— Бұған дейін жеке тұлғалардың шоттары бойынша тек аударымдар саны ескерілетін. Яғни, 3 ай қатарынан 100 және одан да көп әртүрлі тұлғадан қаражат түскен жағдайда ғана кәсіпкерлік табыс белгілері бойынша тексеру жүргізілетін еді. 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап жаңа өзгеріс

енгізіліп отыр. Енді жеке тұлғаның кәсіпкерлікке арналмаған шотына 3 ай қатарынан әр айда 100 түрлі адамнан қаражат түсіп, оның жалпы сомасы ең төменгі жалақының 12 еселенген мөлшерінен асса, мұндай операциялар кәсіпкерлік қызметтен алынған табыс ретінде қарастырылады. Демек, ең төменгі жалақы мөлшері 85 000 болып есептелсе, жалпы сома мөлшері 1 020 000 теңге көлемінде болады. Егер азамат өз шотына түскен қаражаттың кәсіпкерлік қызметке қатысы жоқ екенін дәлелдей алса, кәсіпкер ретінде тіркелу міндеті туындамайды. Ал дәлелдемелер ұсынылмаған жағдайда, заңнама талаптарына сәйкес кәсіпкер ретінде тіркелу қажет болады. Осыған байланысты азаматтарды кәсіпкерлік қызметке арналған жеке шотты пайдалануға және салық мәдениетін сақтауға шақырамыз», — деді Асқар Сейдекәрімұлы.

ЖАҢА ЖЫЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ХАЛЫҚҚА ҚАНДАЙ МҮМКІНДІК БЕРЕДІ?

2026 жылдан бастап Қазақстанда денсаулық сақтау жүйесінде тегін медициналық көпіндендірілген көмек көлемі мен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға қатысты ауқымды өзгерістер күшіне енеді. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз алаңында облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Олжас Исаков пен «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КеАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Жақсылық Абдусаметов баяндады.

"Жаңа өзгерістер Мемлекет басшысының Жолдауында берілген тапсырмаларға сәйкес медициналық көмектің ауқымды пакетін қалыптастыруға бағытталған. Басты мақсат азаматтардың сақтандыру мәртебесіне қарамастан әлеуметтік маңызы бар аурулар бойынша медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру және МӘМС жүйесінің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету", — деді облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Олжас Исаков.

Қызылорда облысында бүгінгі таңда 818 мыңнан астам адам тіркелсе, олардың 83,6 пайызы сақтандырылған. Ал сақтандыру мәртебесі жоқ азаматтарды қамту үшін жаңа тетіктер енгізілмек.

"Енді дағдарыстық және шұғыл жағдайдағы әлеуметтік осал азаматтардың, сондай-ақ ресми

жұмыссыздардың МӘМС жарналары жергілікті бюджет есебінен төленеді. Бұл сақтандырылмағандар санын айтарлықтай азайтады", — деді филиал директоры Жақсылық Абдусаметов.

Сонымен қатар, кемінде бес жыл қатарынан жарна төлеген азаматтар уақытша төлем тоқтаған жағдайда алты айға дейін сақтандырылған мәртебесін сақтай алады. Бұл норма жұмысынан айырылған азаматтарға медициналық көмекті үздіксіз алуға мүмкіндік береді. 2026 жылдан бастап онкологиялық аурулар, инфаркт, инсульт, вирустық гепатиттер секілді бірқатар әлеуметтік маңызы бар дерттер бойынша диагностика мен скринингтер сақтандыру мәртебесіне қарамастан тегін жүргізіледі. Ал қант диабеті мен жүрек-қан тамырлары аурулары сияқты созылмалы сырқаттарды емдеу толықтай МӘМС пакетіне ауыстырылады.

"МӘМС жүйесі азаматтарды миллиондаған теңгеге жететін емдеу шығындарынан қорғайды. Ай сайынғы салыстырмалы түрде аз жарна арқылы тұрғындар медициналық көмектің толық пакетін ала алады", — деп түйіндеді филиал директоры.

Спикерлердің айтуынша, МӘМС жүйесіндегі мәртебені уақыттылы рәсімдеп, тұрақты сақтап отыру әр азаматтың денсаулығы мен әлеуметтік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің тиімді жолы.



МӘДЕНИЕТ ҮЙІ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қапысуымен Жаңақорған ауданы Екпінді ауылындағы 100 орындық клубтың ашылу рәсімі өтті. Аймақ басшысы жиналған қауымды алдағы Жаңа жыл мерекесімен құттықтап, құрылыс саласындағы, мәдениетті өркендетудегі бастамаларға тоқталды.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының Жарлығымен «Ауылдық аумақтарды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы» қабылданып, бұл бағыт мемлекеттік саясаттың маңызды стратегиялық мақсаттарының бірі болып белгіленгенді бері көп жұмыс атқарылды.

Ауылда шаруашылықты, кәсіпті дамыту үшін мемлекет тарапынан көрсетілген қолдауларды тиімді, мақсатты пайдалану өте маңызды. Биыл облысымызға 720 млрд. теңгеден астам инвестиция тартылды. Алдағы үш жылға 98 инвестициялық жоба жоспарланған.

Бүгін өздеріңізбен «Ауыл — ел бесігі» бағдарламасы аясында салынған Екпінді ауылдағы 100 орындық клубтың ашылу салтанатына жиналды. Жаңа мәдениет ошағында руханияттың алтын тамырынан нәр алған өнерпаздардың шығармашылығы шыңдала берсін! Екпінділіктерге

жана клуб құтты мекен болғай!», — деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Іс-шарада облыс әкімі ауылдың талантты жасөспірімдеріне домбыра сыйлап, ұлттық өнерді дамытуға бағытталған игі іске қолдау көрсетті. Рәсімнен кейін аймақ басшысы ауыл тұрғындарымен кездесіп, елді мекенді көркейту, абағандыруға қатысты ұсыныс-пікірлерін тыңдады. Жауапты тұлғаларға көтерілген мәселелерді назарда ұстап, кезең-кезеңімен шешуді тапсырды.

Бүгінде Жаңақорған ауданының бюджеті 27 млрд теңгеден асты. Соңғы үш жыл ішінде ауданға 200 млрд теңге инвестиция тартылған. Өткен жылы «Оқушылар үйі» және «Өнер мектебі» ашылып, жеткіншектердің қабілетіне, бейіміне қарай тәлім беретін орталыққа айналды. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында өңірде салынған 10 мектептің екеуі Жаңақорған ауданында бой көтерді. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы шеңберінде Жаманбай батыр және Қыркенсе ауылдық округтерінде дөрігерлік амбулаториялар, аудандық көпбейінді аурухана жанынан қосымша жана ғимарат салынды. Сонымен қатар, Төменарық ауылында амбулаториясы бар 15 орындық аурухана пайдалануға берілді.



АЙМАҚ БАСШЫСЫ ОПЕРА ӘНШІСІ АЙГЕРІМ АЛТЫНБЕКПЕН КЕЗДЕСТІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев опера әншісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Айгерім Алтынбекпен кездесті.

Аймақ басшысы опера әншісінің өнер жолындағы жетістіктеріне, өңірдің мәдениет саласында атқарылған жұмыстарға тоқталды.

«Ең алдымен Айгерімді еліміздің ұлттық мерекесі – Республика күніне орай Мемлекет басшысының қолынан «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағын алуымен, әлемдегі ең беделді театрлардың бірі – Италиядағы атакы «Ла Скала» театрының академиясына тағылымдамадан өтуге қабылдануымен. Өзімнің және Сыр жұртшылығы атынан шын жүректен құттықтаймын! Бұл – тек сіздердің отбасылық жетістіктеріңіз ғана емес, елімізбен қатар, аймағымыздың өнері мен мәдениетінің халықаралық деңгейде мойындалуының жарқын көрінісі.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Еліміздің келешегі ойы ұшқыр, терең білімді, заманауи көзқарастағы жастардың қолында» деген болатын. Айгерімнің шығармашылық жолы, үздіксіз ізденісі мен кәсіби шеберлігі жас буын үшін үлгі.

Қазір «Сыр елі – жыр елі» атанған өңірімізде өнерпаздарға қолайлы орта қалыптастыру, өнерлі, дарынды жастардың шығармашылығын шыңдауға бағытталған маңызды жобалар жүзеге асырылуда.

Соның бір жарқын көрінісі Өзіңіз білім алған, ел мәдениетінің өркендеуіне

өлшеусіз үлес қосқан өнерпаздарды түлеткен Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжінің ғимаратын жатақханасымен қосып заманауи үлгіде жаңадан салып пайдалануға бердік», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Кездесуде облыстың Құрмет грамотасын алған Айгерім Алтынбек, қазақы дәстүрге сай сый-сияпат иеленген анасы Кенескүл Актілеуқызы көрсетілген құрметке ризашылық білдірді.

Биыл сырбойылық опера әншісі Айгерім Алтынбек әйгілі тенор Хосе Каррерастың Астана қаласында өткен мерейтойлық қоштасу және Италиядағы әлемдік турына, Андреа Боччелидің Ежелгі Помпей амфитеатрының сахнасында өткен тарихи концертіне қатысты. «Ла Скала» театрының академиясына тағылымдамадан өтуге қабылданды. Бұл – қазақстандық опера өнері үшін зор жетістік.

Әнші республикалық және халықаралық вокалдық байқауларда жүлделі орындарға ие болып, Қазақстанның атын әлемдік сахнада кеңінен танытты.

Ол 2014-2016 жылдары Қызылорда облыстық филармониясында солист қызметін атқарған. Қазір Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымының әртісі ретінде шығармашылық қызметін жалғастырып келеді.

МЕРЕКЕ КҮНДЕРІ ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІП ПЕН ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ

Аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының тапсырмасына сәйкес облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналиновтың төрағалығымен облыс әкімдігі жанындағы құқықбұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомстваралық комиссия отырысы өтті. Онда мереке күндері тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі қаралды. Комиссия отырысына жауапты сала басшылары қатысып, бірқатар тапсырма жүктелді.

«Қоғамдық орындарда, ойын-сауық нысандарында, түнгі клубтарда, базарлар мен сауда орталықтарында, жалдамалы пәтерлерде құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстары күшейтілсін. Мерекелік іс-шаралар кезінде мас күйде жүру, топтық төбелес, бұзақылық, өзге де құқықбұзушылықтарға жол бермеу үшін кешенді шаралар қабылданыс. Ұрлық, алаяқтық және өзге де қылмыстардың алдын алуда күшейтілген рейдтік-профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылсын.

Алкоголь өнімдерін сатуға белгіленген уақытты сақтауды, мас күйдегі азаматтарға алкоголь сатпауды бақылау керек. Әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлерге су, жылу, электр, газ беру және тазалық



қызметтері үздіксіз көрсетілуі тиіс. Резервтік жүйелерді тексеріп, қосымша қуат көздерін дайындап қою қажет. Коммуналдық қызметтер 24 сағаттық кезекшілік пен жедел байланыс желісін ұйымдастырсын.

Қызылорда облысы полиция департаменті бастығының орынбасары Ермахан Абдрамановтың хабарламасы назарға алынып, полиция департаменті, Қызылорда қаласы және аудан әкімдіктері, мүдделі мемлекеттік органдар, профилактика субъектілерімен бірлесіп, өз құзыреттері шегінде заң нормаларын іске асыруға бағытталған ұйымдастырушылық, әдістемелік және

талдамалық шаралар кешенін алдын ала пысықтауы тиіс. Қабылданатын заң талаптарын тиімді енгізуге дайындық жөнінде ұсыныстар енгізу өте маңызды», – деді Данияр Еренғалиұлы.

Сонымен қатар, негізгі жол тораптары мен халық көп жиналатын аумақтарды патрульдеуді, өрт, жарылыс және өзге де апаттық жағдайларға жедел әрекет етуге дайындықты күшейтуді тапсырды. Медициналық қызметтің, жедел жәрдем бригадаларының әзірлігі де назардан тыс қалмауы керек.

«Ел тілегі» ақпарат

КҮРЕС ЗАЛЫ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Жаңақорған ауданының Кейден ауылында жастардың спортпен шұғылдануына мүмкіндік беретін, заманауи талаптарға сай жаңа күрес залы ашылды. Оған облыс әкімінің орынбасары Ардак Зебешев, "Қазатоөнеркәсіп" ҰАК АҚ басқарма төрағасы Мейіржан Юсупов, зиялы қауым өкілдері, аудан спортшылары және ауыл тұрғындары қатысты.

Облыс әкімінің орынбасары жиналған қауымды жаңа нысанның ашылуымен құттықтап, аймақтың спорт саласындағы жетістіктерді атап өтті.

“Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы спортты дамыту ұлт саулығының кепілі екенін үнемі айтып келеді. Осы бағытта елімізде, оның ішінде аймағымызда да спорт инфрақұрылымын дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының қолдауымен кейінгі 3 жылда 21 спорт кешені бой көтеріп, ел игілігіне табысталды. Биыл Қызылорда қаласында 11 мың орындық жаңа стадион пайдалануға берілді. УЕФА-ның 4-санатты сертификатын алған заманауи нысанда ауқымды спорттық шараларды өткізуге барлық мүмкіндік қарастырылған.

Сондай-ақ, облыс орталығындағы ірі жобалардың бірі - «Қызылорда Арена» көпбейінді спорт кешенінің құрылысы.

Атап өту қажет, Жаңақорған ауданында соңғы жылдары 15 жаңа спорт нысаны іске қосылған. Осындай игіліктердің жалғасы ретінде бүгін міне, тағы бір спорт



нысанының ашылуында бас қостық.

Жаңа күрес залы ауыл жастарының үлкен спортқа жолын ашып, осы жерден болашақта ел намысын қорғайтын чемпиондар шығады деп сенеміз.

Баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс тілеймін.

Алдағы Жаңа жыл әр шаңыраққа құт-береке, молшылық пен жақсылық әкелсін!”, – деді Ардак Темірханұлы.

Жиында ауданның әлеуметтік - экономикалық дамуына үлес қосқан азаматтар мен күрес залын салған мердігер мекеме қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

«Қазатоөнеркәсіп» ҰАК АҚ басқарма төрағасы Мейіржан Бақытұлы сөз сөйлеп, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Әмірсерік Исабекұлы батасын берді.

Құрылысына 114 млн 400 мың теңге бөлінген нысан 50 балаға арналған. Жаттығу залы, дәрігерлер мен жаттықтырушыларға арналған қызметтік бөлмелер қарастырылған. Қолданыстағы талаптарға сай заманауи құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілген. Бұл балалардың қауіпсіз әрі жүйелі түрде спортпен шұғылдануына мүмкіндік береді.

Сонымен қатар Жаңақорған ауданында «СКЗ-У» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің күкірт қышқылы зауыты қызметкерлеріне арналған спорт залы пайдалануға берілді.

Атап өту қажет, Қызылорда қаласындағы «Достық үйінің» жаңа ғимараты да ұлттық атом компаниясының демеушілігімен салынуда.

«Ел тілегі» ақпарат

326 ОҚУШЫНЫҢ МӘСЕЛЕСІ ТОЛЫҚ ШЕШІМІН ТАБАДЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен «Orda school» мектебін мемлекеттік меншікке алу бойынша меморандумға қол қою рәсімі өтті. Нұрлыбек Машбекұлы өңірде Мемлекет басшысының, Үкіметтің ерекше қолдауымен жүзеге асқан ауқымды жобалар мен тың бастамалар туралы айтып өтті.

«Аймағымызда жас ұрпақтың сапалы білім алуына барлық жағдай жасалуда. Соңғы жылдары біз бюджет қаржысының басым бөлігін әлеуметтік салаға, оның ішінде білім саласына бағыттадық. Білім беру саласына соңғы 3 жылда 812 млрд. 245 млн. теңге, биыл 346 млрд. 800 млн.

теңге қаралды. Бөлінген қаржының түпкілікті мақсатқа жетуі мен қаржы бұзушылықтардың алдын алуда нақты шаралар қабылданған.

Біздің ең бірінші міндетіміз – балаларымыздың жан-жақты, сапалы білім алуына қолайлы жағдай жасап, жайлы орта қалыптастыру. Аймағымызда алғашқылардың бірі болып, тәуекелге бел буып, қаржысын білім беру саласына салған Мұрат Бақтиярұлы ағамыз болатын. Бүгінде «Orda school» жекеменшік мектептерінің желісі 4-ке жетті.

Біз де өз кезегімізде таза, шынайы жұмыс жасайтын кәсіпкерлерді үнемі қолдап келеміз. «Сабалақ» саяжайы аумағы жыл сайын кеңейіп, халық саны артқанын ескерсек, «Orda school - 2» жеке мектебінің перспективасы зор.

Әрбір ата-ана баласының заманауи ғимаратқа оқып, білімді болғанын қалайды. Бұған дейін жеке мектепте 336 оқушы тегін оқып келді. Мұрат Бақтиярұлы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында 2023 жылдың қыркүйегінде ашылған «Orda school - 2» жекеменшік мектебін облыстық коммуналдық меншікке беру жөнінде шешім қабылдады. Жас өрендеріміздің игілігі жолында жасаған батыл қадамыңыз үшін Сыр жұртшылығы атынан шынайы алғысымызды білдіреміз!

Басеккеге қабілетті, заманның жаңа шақыртуларына дайын, озық ойлы ұрпақ тәрбиелеу – мемлекет алдындағы стратегиялық маңызды міндет. Барша бастамаларыңызға сәттілік тілеймін және бірлесе жұмыс атқаруға шақырамын!», – деді аймақ басшысы.

Енді бұл білім беру ұйымы №297 орта мектеп болып қайта құрылып, мемлекеттік мекеме ретінде жұмысын жалғастырады. Бұған дейін саяжайдан қаладағы мектептерге қатынап оқуға мәжбүр болған 326 оқушының мәселесі толық шешімін табады.



ЖАЗА КҮШЕЙТІЛЕДІ

Қазақстанда мұғалімдердің құқықтарын қорғағаны және бұзғаны үшін жазаны күшейтуді ұсынылды.

Оқу-ағарту министрлігінің білім беру сапасын қамтамасыз ету комитетінің төрағасы Серік Әшіров орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте мұғалімдердің құқығы туралы мәлімдеді.

"Қазір мұғалімдерді қорлаған оқушылар әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 409-бабы бойынша әкімшілік жазаға тартылады. Бірінші рет құқықбұзушылық үшін ескерту жасалады, ал қайталанған жағдайда айыппұл салынады", – деді ол.

Әшіров тамыздағы конференцияда

мемлекет басшысы мұғалімдердің құқықтарын қорғауды күшейтуді және "Мұғалімдердің мәртебесі туралы" заңға түзетулер енгізуді тапсырғанын еске түсірді.

"Осы нұсқаулықтың бөлігі ретінде мұғалімдердің құқықтарын бұзғаны және оларға құрметсіздік көрсеткені үшін жазаны күшейтетін заң жобасы әзірленіп жатыр. Мысалы ескертусіз дереу айыппұл салу ұсынылады", – деді министрлік өкілі.

Сонымен қатар жаңа түзетулер мұғалімдерге жүктелген қағазбастылық жүктемесін азайтуға және ата-аналардың балаларының мектептегі тәртібі үшін жауапкершілігін арттыруға бағытталған.

ОТЫЗ ЖЕТІНШІ ҚАРА СӨЗ

АБАЙ
ҚАРА СӨЗІ —
ТӘРБИЕНІҢ
КӨЗІ

- 1.Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес.
- 2.Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады.
- 3.Хикмет сөздер өзімшіл наданға айтқанда, көңіл уанғаны да болады, өшкені де болады.
- 4.Кісіге біліміне қарай болыстық қыл; татымсызға қылған болыстық өзі адамды бұзады.
- 5.Әкесінің баласы – адамның дұшпаны. Адамның баласы – бауырын.
- 6.Ер артық сұраса да азға разы болады. Ез аз сұрар, артытып берсең де разы болмас.
- 7.Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың.
- 8.Сократқа у ішкізген, Иоанна Аркті отқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан, Пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? Ол – көп, ендеше көпте ақыл жоқ. Ебін тап та, жөнге сал.
- 9.Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандасының бәрі виноват.
- 10.Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім.
- 11.Дүниеде жалғыз қалған адам – адамның өлгені. Қапашылықтың бәрі соның басында. Дүниеде бар жаман да көпте, бірақ қызық та, ер- мек те көпте. Бастапқыға кім шыдайды? Сонғыға кім азбайды?
- 12.Жамандықты кім көрмейді? Үмігін үзбек – қайратсыздық.

- Дүниеде ешнәрседе баян жоқ екені рас, жамандық та қайдан баяндап қалады дейсін? Қары қалың, қатты қыстың артынан көгі мол жақсы жаз келмеуші ме еді?
- 13.Ашулы адамның сөзі аз болса, ыза, қуаты артында болғаны.
 - 14.Қуанбақтық пен бақ – мастықтың үлкені, мыңнан бір кісі-ақ к...н ашпайтұғын ақылы бойында қалады.
 - 15.Егер ісім өнсін десең, ретін тап.
 - 16.Биік мансап – биік жартас. Ерінбей еңбектеп жылан да шығады, Екпіндеп ұшып қыран да шығады; Жікшіл ел жетпей мақтайды, Желөкпелер шын деп ойлайды.
 - 17.Дүние – үлкен көл, заман – соққан жел, алдыңғы толқын – ағалар, артқы толқын – інілер, кезекпенен өлінер, баяғыдай көрінер.
 - 18.Бақпен асқан патшадан, мимен асқан қара артық; Сақалын сатқан көріден, еңбегін сатқан бала артық.
 - 19.Төк тіленші – адам сағитаны, харекетсіз сопы – монтаны.
 - 20.Жаман дос – көленке, басынды күн шалса, қашып құтыла алмайсың; Басынды бұлт алса, іздеп таба алмайсың.
 - 21.Досы жокпен сырлас, досы көппен сыйлас; Қайғысыздан сақ бол, қайғылыға жақ бол.
 - 22.Қайратсыз ашу – түл, тұрлаусыз ғашық – түл, шәкіртсіз ғалым – түл.
 - 23.Бағың өскенше тілеуінді ел де тілейді, өзін де тілейсін, бағың өскен соң – өзін ғана тілейсін.

2026 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН
АСТРОЛОГИЯЛЫҚ БОЛЖАМ

Болашақ әрдайым аландатады, алайда 2026 жылға деген қызығушылық ерекше. Қазақстандықтар үйреніп қалған өзгерістер легінен кейін тұрақтылыққа, өсімге және ертенгі күнге деген сенімге сұраныс арта түсті. Адамдар жиі жауап іздейді: жұмысты қашан ауыстырған дұрыс, ақшаға тәуекел ету керек пе, отбасын және ішкі тепе-теңдікті қалай сақтауға болады? Сондықтан 2026 жылға арналған жұлдыз жорамал көзге көрінбей бағыт беретін, бірақ пайдалы бағдарға айналып отыр.

2026 жылдың жалпы астрологиялық ахуалы

Жалпы алғанда, 2026 жыл тепе-теңдікке келу мен саналы шешімдер энергиясын алып келеді. Бұл - асығыс қадамдардың орнын ойланып жасалған әрекеттер басатын уақыт. Жыл өз позициянды нығайтуға, ұзақ мерзімді жоспар құруға, істер мен қарым-қатынастарда тәртіп орнатуға қолайлы. Көп адам асығыстықтың бұрынғыдай нәтиже бермейтінін, ал сабыр мен жүйеліліктің керісінше жаңа мүмкіндіктер ашатынын сезінеді. 2026 жылғы «Ақша, жұмыс, отбасы» жұлдыз жорамалы тепе-теңдік табуға кеңес береді.

*2026 жылға арналған барлық жұлдыз белгілеріне
арналған жұлдыз жорамал***Токты**

Токтылар үшін 2026 жыл - беделді нығайту кезеңі. Жұмыста жаңа міндеттер немесе жетекшілік рөл пайда болуы мүмкін. Ақша бастама арқылы келеді, бірақ асығыс шығындардан сақ болған жөн. Отбасында сабыр қажет: жақындар шешімнен бұрын көңіл бөледі күтеді. Жылдың кеңесі - әрдайым бірінші болуға үйренген болсаңыз да, асықпаңыз.

Торпақ

Торпақтар тұрақтылыққа деген қажеттілікті сезінеді. Мансап баяу, бірақ сенімді түрде дамиды, әсіресе қаржы мен басқаруға қатысты салаларда. 2026 жылғы жұлдыз жорамал торпақтарға жинаққа мұқият қарауды ұсынады.

Егіздер

Егіздер жыл Егіздерге жаңа идеялар мен байланыстар әкеледі. Жұмыс оқу немесе тәсілді өзгертуді талап етуі мүмкін. Ақша қарым-қатынас, келісімдер мен жобалар арқылы келеді. Отбасында ашық болып, әңгімеден қашпау маңызды. Кеңес - жан-жаққа шашырамай, басты мәселені танданыз.

Шаян

Шаяндар үшін бұл жыл - нағыз отбасылық кезең. Үйден қолдау сезінсеңіз, мансап та дамиды. Қаржы ұқыптылықты талап етеді, бірақ артық қорқынышсыз. Тұрғын үй жағдайын жақсартуға қолайлы жыл.

Арыстан

Арыстандар үшін 2026 жыл амбицияның күшін сынайды. Жұмыста жауапкершілік алуға дайын болсаңыз, мойындау мен өсім болады. Қаржы беделге байланысты. Отбасында үстемдік етпей, тыңдай білу маңызды. Кеңес - құрмет арқылы көшбасшылық таныту.

Бикеш

Бикештерге арналған 2026 жылғы практикалық астрологиялық болжам тұрақты жылды уәде етеді. Жұмыс ұсақ-түйекке мұқият болуды талап етеді, бірақ нәтижесін береді. Жоспарлау арқылы қаржы бақылауда болады. Жеке өмірде - тыныштық пен сенімділік. Ұзақ мерзімді шешімдерге қолайлы жыл.

Таразы

Таразыларға тепе-теңдік іздеу қажет болады. Мансапта ауытқулар болуы мүмкін, бірақ дұрыс серіктестік өсім әкеледі. Ақша ынтымақтастық арқылы келеді. Отбасында мүдделер тентідің сақтау маңызды. Кеңес - маңызды әңгімелерді кейінге қалдырмаңыз.

Сарышаян

Сарышаяндар үшін 2026 жыл - ішкі өзгерістер кезеңі. Жұмыс икемділікті талап етеді, жаңа бағыттар ашылуы мүмкін. Қаржы тұрақсыздау, бірақ басқаруға болады. Қарым-қатынаста - тереңдік пен шынайылық..

Мерген

Мергендер үшін жыл көкжиектерді кеңейтеді. Жұмыста жаңа мақсаттар мен жобалар, мүмкін оқу пайда болады. Ақша алысқа көз жүгіртуге байланысты. Отбасы қолдайды, егер жақындарды ұмытпасаңыз. Кеңес - арманды шындықпен ұштастырыңыз.

Тауешкі

2026 жылдың ең мықты белгілерінің бірі. Мансап тәртіп пен еңбеккорлықтың арқасында өседі. Отбасында - сенімділік маңызды. Барлық белгілерге арналған жұлдыз жорамал Тауешкілерді жауапкершіліктің үлгісі ретінде атап өтеді.

Сукүйғыш

Сукүйғыштар үшін жыл жаңаруды ұсынады. Жұмыс күтпеген жерден өзгеруі мүмкін, бірақ жақсы жаққа. Қаржы бақылауды қажет етеді. Жеке өмірде еркіндікке ұмтылыс болады, алайда отбасының сезімін ескерген жөн.

Балықтар

Балықтар үшін 2026 жыл - жұмсақ өсім кезеңі. Сүйікті іспен айналыссаңыз, жұмыс қанағат әкеледі. Қаржы біртіндеп жақсарады. Отбасында - қамқорлық, қолдау, сенім бөрінен маңызды. Кеңес - өзіңізге сеніп, жолыңызға құмданданбаңыз.

ЖАҢА
ЖЫЛДЫҢ
ТАРИХЫ мен
ДӘСТҮРІ

Барша адамзаттың, әсіресе, балғын балалар қауымының асыға күтетін жаңа жыл мерекесі босағамызды аттағалы тұр. Әлемнің барлық елінде дерлік тойланатын бұл мейрам көптеген мемлекеттерде 31 желтоқсаннан 1 қаңтарға қараған түні тойланады. Алайда, жаңа жылдың шығу тарихы, оның дәстүрлері туралы барлығымыз біле бермейтініміз белгілі. Соған аз-кем тоқталайық.

Әр елдің салты басқа...

Мерекенің шығу тарихы тереңде жатыр. Ғалымдардың зерттеуінше жаңа жыл алғаш рет біздің заманымызға дейінгі 3000 жылы Месопотамияда пайда болған. Көне замандағы адамдар дәл осы уақытта Мадрук деген құдай зұлымдық пен өлімді жеңді деп санаған. Сол себепті де, Месопотамия халқы жақсылықтың жамандықты жойғанына қуанып, бірнеше ай бойы тойлаған. Әртүрлі карнавалдар, маскарадтар мен шерулер өткізген. Сонымен қатар мерекеле еңбек етіп, жұмыс істеуге, адамдарды жазалауға және үкім шығаруға тыйым салынған.

Уақыт өте келе бұл дәстүр мысырлықтар мен гректер арасында жалғасын тауып, содан соң римдіктер мен өзге халықтарға кеңінен тарай бастаған. Ежелгі грек елінде жаңа жыл жазғы күні 22 маусымда тойланып, шарап құдайы Диониске арналған. Ал гректердің жыл санауы Олимпиада ойындарынан басталған. Ежелгі Римде жаңа жылды наурыз айында қарсы алатын болған. Біздің заманымызға дейінгі 46 жылы римдік император Юлий Цезарь жыл басын 1 қаңтар деп белгілейді. Оның атымен аталған юлиандық күнтізбе бүкіл Еуропаға таралған.

«Әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа» – деген дана қазақ. Бұл нақыл жаңа жыл мерекесіне де қатысты айтылғандай. Мереке әр халықта түрліше тойланып, әр елдің салт-дәстүріне сәйкес атап өтіледі. Бірнеше ғасыр бойы көне мысырлықтар шілде-қыркүйек айларында алып Ніл өзенінің арнасынан асуын атап өткен. Бұл кезеңді жергілікті тұрғындар жаңа егін маусымының басталуы деп білетін. Ніл өзені суының киесі бар деп сенетін мысырлықтар жаңа жылды тойлаған кезде аталған өзеннің «қасиетті суын» құмыраларға құйып алатын болған. Наным-сенімге сүйенсек, Нілдің суы ескі-құсқыны шайып жібереді. Сол кезден бастап қазіргейді жаңа жылда ән айтып, бір билеу, мерекелік дастархан жайып, бір-біріне сыйлық жасау дәстүрі басталыпты.

Қазіргі уақытта біздің 31 желтоқсан күні атап өтіп жүрген жаңа жылымыздың тарихы мүлдем өзгеше. Ол ежелгі Русьтің өткенімен тығыз байланысты. Русьте жаңа жылды көктемде, жергілікті адамдар ауыл шаруашылығы жұмыстарына кірісе бастаған уақытта – 1 наурызда тойлаған. Уақыт өте келе жылдың басы қазіргі білім күні саналатын қыркүйек айының алғашқы күніне ауыстырылған. Кейінірек, 1699 жылы І Петр жаңа жылды 1 қаңтарға қойып, жыл санау осы күннен басталатын болған. Сол кездегі адамдар жаңа жылды қазіргідей түн ортасында тойлайтын. Барлық отбасы мүшелері мерекелік дастархан басында жиналып, мерекені күткен. Сағат тілі түнгі 12:00-ді көрсеткенде, қалада хабар беретін зеңбіректер атылып, шіркеулерде қоңырау соғылған. Сонымен қатар, бірқатар этнограф тарихшылар жаңа жыл көшпелі халықтардың да байырғы мейрамы екендігін жазады.

Бағзы заманда аспан асты елінің жаңа жылы мүлдем өзгеше, қытай күнтізбесі бойынша мерекені бір ай бойы тойлаған. Жаңа жыл жаңа ай туған кезде басталатын – ай күнтізбесі бойынша 17-19 ақпан аралығы. Жаңа жыл түні Қытай көшелерінде сансыз көп шам жағу дәстүрі қалыптасқан.

Францияда 755 жылға дейін жыл басы 25 желтоқсан саналған екен. 1564 жылы ІХ Карл патшаның бұйрығымен 1 қаңтар деп белгіленген. Ағылшындар жаңа жылды 25 наурызда тойлаған. 1752 жылы ғана 1 қаңтарға ауыстырылған. Ал эскимостар жаңа жылды қар жауған күннен бастап санайды.

Жасыл шырша тарихы

Жаңа жылды сыйлықтар мен шырша, мерекелік безендіру мен шамдарсыз елестету қиын. Бұрындары да солай болған. Тарихшылардың дерегіне сүйенсек, алғашқы безендірілген шыршалар 1605 жылы қазіргі Франция аумағындағы Эльзаста пайда болған. Кейіннен бұл дәстүр бүкіл Еуропа аумағына тарап,

мереке қарсаңында шырша безендіріле бастаған. Өрине, оған барлығының бірдей шамасы жетпеген. Тек, ауқатты адамдар мен саудагерлердің үйінде ғана шырша болған. Ал ХІХ ғасырда барлық жерде шырша қою дәстүрге айналған.

Шыршаны безендіруге арналған алғашқы шар тәріздес шыны ойыншық Тюрингияда (Саксония) ХVІ ғасырда жасалған. Шеберлер шыныдан әртүрлі пішінді ойыншықтар дайындап, оларды көздің жауын алатын қанық түстермен бояған. Қоңырау, жүрек, аң-құс, шар, бұршік, жаңғақ тәрізді шынылар сол кезден бастап қолданылууда.

Ал жарық электрикалық түрлі-түсті тізбекпен (гирляндамен) безендірілген алғашқы шырша Америка Құрама Штаттарында пайда болған. 1895 жылы шамдары жарқыраған шырша Ақ үйдің алдына қойылған.

Кейіпкерлер қайдан шыққан?

Кейлер жылы молшылық болсын, жаңа дүниелерге қол жеткізейік деген ниетпен адамдар мейрам қарсаңында жаңа киімдерін киюге тырысады. Жаңа жыл алдында біреуге қарыз бермеген жөн деп санаған. Ал өзі біреуге қарыз болса тезірек қайтаруға тырысқан. Ескі-құсқыдан арылу дәстүрі алғаш Италия жерінде пайда болған. Адамдар осылайша жан дүниемізді тазарады деп сенген. Келе жатқан жыл жақсылыққа толы болу үшін мол дастархан жаюды да дәстүрге айналдырған. Сондай-ақ, жаңа жылдың ең маңызды дәстүрі – жақсы тілек тілеу көне заманнан келе жатса да әлі күнге ұмыт болған жоқ. Себебі, жаңа жыл қарсаңында қандай тілек тілесен де, әрқашан орындалады деген сенім қалыптасқан.

Жаңа жыл туралы сөз қозғағанда мерекенің басты кейіпкерлері жайлы ұмыт қалдыру мүмкін емес. Балалар тілек жазып, сыйлықтарын асыға күтетін Аяз ата соңғы бір жарым ғасырда ғана жаңа жылдың символына айналған. Алғашында Аяз ата мерекелік жалғыз кейіпкер болған. 1873 жылы Александр Островский «Қаршақыз» пьесасын жазып, аппақ қардай сұлу қыз әуелі Аяз атаның туған қызы болған. Кейінірек, жұрт арасында немересі ретінде қабылдап кеткен. Ал қардан жасалатын Аккала ХІХ ғасырда жаңа жылдық кейіпкерлердің санатына енгізілген.

TOO BCC KAZAKHSTAN, БИН 130640001550.**Объявляет об уменьшении уставного капитала - с 99 800 000 тенге до 300 000 тенге.**

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

**Директор-Редактор
Егиншибаева Анар
Жақшыбекқызы****Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Рысбай Кәрімов****Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61**

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде қайта тіркеліп, 2025 жылдың 30 маусым айында есепке алу туралы номері КЗ 53VPY00123138 күшті берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицикатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі номері мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

**Редакцияның
мекен-жайы:
Тоқмағанбетов**
көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

**Таралымы 9726 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №285****E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https://ret-gazeta.kz/**